



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 1 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2012 жылғы 7 қаңтар**

*2011 жылғы үлгінің өзгертілген дизайнымен
номиналдық құны 5000 теңгелік банкнотты
айналысқа шығару туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2011 жылғы үлгінің өзгертілген дизайнымен номиналдық құны 5000 теңгелік банкнотты 2011 жылғы 30 желтоқсаннан айналысқа шығару туралы хабарлайды.

Банкноттың өлшемі 144x76 мм қағазда дайындалған. Бет жағында басым түс қызыл, суреттер негізінен тігінен орналасқан. Сырт жағында: қызыл мен көк түстер басым, суреттер негізінен көлденеңінен орналасқан.

Банкноттың бет жағындағы негізгі бейнелер банкноттың оң жағында орналасқан «Қазақ Елі» монументі, ортада ұшып жүрген кептерлердің бейнесі, барыстардың суреті. Жоғары бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары бейнеленген: мемлекеттік елтаңба және мемлекеттік ту. Сол жақта төменде және жоғары жақта номиналдың цифрлық белгіленуі басылған, сол жақта ортада – номиналдың мемлекеттік тілдегі әріптік белгіленуі жазылған. «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу сол жақ жоғарғы бұрышта орналасқан, оның астында қолдан жасалғаны үшін жауапкершілік туралы ескертетін мемлекеттік тілде «Банкноттарды қолдан жасау заңмен қудаланады» деген жазу бар.



Сырт жағының негізгі бейнесі - Қазақстан картасының пішіні. Алдыңғы бөлікте Іле Алатауы аясында Алматыда орналасқан тәуелсіздік монументінің ең жоғарғы бөлігі, «Қазақстан» қонақ үйінің ғимараты. Оң жақ бөлігінде алма және кептер бейнеленген голографиялық жолақтар бар. Сол жақта төменде және оң жақта жоғарыда банкнот номиналының цифрлық белгіленуі, ал төменде ортада – орыс тілінде әріптік белгіленуі орналасқан. Жоғарыда ортада «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу және шығарушы банктің логотипі орналасқан. Төменгі сол жақ жоғарғы бұрышта банкнот номиналының белгіленуінен төмен қолдан жасалғаны үшін жауапкершілік туралы ескертетін «Подделка банкнот преследуется по закону» деген жазу орналасқан.



Барынша жан-жақты ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады:
+7 (727) 270- 46- 39, +7 (727) 270-46-54; E-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz